



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"PSA" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Шартта төменде атап көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмеге ие болады:

1.1.1. СК ӨБК – 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісім;

1.1.2. Мұнай Операциялары Шоты (МОШ) – оның СК ӨБК бойынша қызметінің барлық түрлерін қамтитын шоттар (барлық талап етілетін бухгалтерлік кітаптар, ведомостылар, есептер және басқа да қаржылық және есеп құжаттары), онда Мұнай операцияларына жататын барлық шығыстар мен түсімдер тіркеледі;

1.1.3. Көрсетілетін қызметтер –СК ӨБК бойынша 2023 Мердігерлік Жыл үшін МОШ ревизиясын жүргізу және жүргізілген МОШ ревизияларының нәтижесі бойынша даулы мәселелерді сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

1.1.4. Есеп – Шарттың 6 немесе 7- қосымшаларына сәйкес Жұмыс тапсырмасын орындау нәтижесі бойынша есеп;

1.1.5. Егжей-тегжейлі есеп – Орындаушының: (1) СК ӨБК бойынша 2023 Мердігерлік Жыл арналған мұнай-газ үшін МОШ ревизиясының нәтижесі бойынша анықталған табындылар бойынша негіздемелердің айқын сипаттамаларын қамтитын барлық кестелер, сондай-ақ басқа да қажетті құжаттар, құжаттардың деректемелеріне сілтемелер және Мердігердің шығыстарын растайтын бастапқы бухгалтерлік құжаттардың мазмұнының қысқаша сипаттамасы қоса берілген / (2) жүргізілген МОШ ревизияларының нәтижесі бойынша даулы мәселелерді сүйемелдеудің нәтижесі бойынша реттеуге ұсынылатын немесе алдыңғы шығырып тастаулардың нәтижесі ретінде өзгеріссіз қалатын сомаларды көрсете отырып, негіздемелердің айқын сипаттамаларын бере отырып, Мердігердің шығынын растайтын құжаттардың деректемелеріне сілтемелер мен бастапқы бухгалтерлік құжаттардың мазмұнын қамтитын барлық кестелер қоса берілген Орындаушының егжей-тегжейлі жазбаша қорытындысы;

1.1.6. Мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі стандарт –«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2114 жылғы 28 қазандағы шешімімен (№ 48/14 хаттама) бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандарт;

1.1.7. Бірыңғай база – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) корпоративтік порталындағы консультанттар туралы, жүйелі түрде жаңартылатын, мүдделер қақтығысы мәселесі жөніндегі электрондық деректер/мәліметтер базасы;

1.2. Төменде атап көрсетілген құжаттар және оларда ескертілген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, атап айтқанда:

1.2.1. 1-қосымша – Сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

1.2.2. 2-қосымша – Техникалық ерекшелік;

1.2.3. 3-қосымша – Қызмет көрсету туралы шарттағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебінің нысаны;


1.2.4. 4-қосымша – СК ӨБК бойынша 2023 Мердігерлік Жыл үшін МОШ ревизиясы бойынша 1-жұмыс тапсырмасының нысаны;

1.2.5. 5-қосымша - СК ӨБК бойынша жүргізілген МОШ ревизияларының нәтижесі бойынша даулы мәселелерді сүйемелдеу бойынша 2-жұмыс тапсырмасының нысаны;

1.2.6. 6-қосымша – СК ӨБК бойынша 2023 Мердігерлік Жыл үшін МОШ ревизиясы бойынша 1-жұмыс тапсырмасын орындау нәтижелері бойынша есеп нысаны;

1.2.7. 7-қосымша - СК ӨБК бойынша жүргізілген МОШ ревизияларының нәтижесі бойынша даулы мәселелерді сүйемелдеу бойынша 2-жұмыс тапсырмасын орындау бойынша есеп нысаны;

1.2.8. 8-қосымша – Орындаушы тартатын команданың мамандары;





1.2.9. 9-қосымша – Көрсетілген қызметтер актісінің нысаны;

1.2.10. 10-қосымша – Төлем шотының нысаны;

1.2.11. 11 -қосымша – Мүдделер қақтығысы туралы мәлімет;

1.3. Қызмет көрсету орны: Атырау және Астана қалаларын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейді.

2. Шарттың мәні

2.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2.2. Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету туралы тапсырмалары осы Шарттың 4 және 5-қосымшаларына сәйкес Жұмыс тапсырмалары түрінде (бұдан әрі – Жұмыс тапсырмасы) ресімделеді. Жұмыс тапсырмаларын орындау барысында оларға Тараптардың келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Жұмыс тапсырмасын орындау мерзімі, Жұмыс тапсырмасының құны әрбір жеке Жұмыс тапсырмасында белгіленеді.

2.3. Осы Шарттың шеңберінде көрсетілетін Қызметтер ашық тендер тәсілімен өткізілетін электрондық сатып алуға қатысуға өтінімде әлеуетті жеткізуші ұсынған Техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

2.4. Орындаушы көрсеткен Қызметтердің нәтижесінде алынған барлық құжаттар мен материалдардың меншік иесі болып Тапсырыс беруші табылады

3. Мүдделер қақтығысы

3.1. Орындаушы Тапсырыс берушімен, Ұйымдармен (Қор тобына кіретін ұйымдармен), Қазақстан Республикасымен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен мүдделер қақтығысының жоқтығы фактісін сөзсіз растайды.

3.2. Орындаушыға Шарттың 8.6. тармағында белгіленген құпиялылық режимінің қолданылу мерзімінде Шарттың мәніне байланысты немесе одан туындайтын мәселелер бойынша Тапсырыс берушіге қарсы үшінші тұлғалардың мүддесіне өкілдік етуге тыйым салынады.

3.3. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда Орындаушыға кез келген негіздер бойынша, оның ішінде Орындаушының қызмет ауқымына немесе оның іскерлік беделіне қарамастан жауапкершіліктен жалтаруға тыйым салынады.

3.4. Егер Орындаушының өзінің ағымдағы клиентіне өкілдік етуі қатарлас мүдделер қақтығысын туғызса немесе туғызуы мүмкін болса, Орындаушыға Тапсырыс берушінің мүддесінде өкілдік етуге тыйым салынады. Егер Орындаушының ағымдағы клиентке өкілдік етуі Тапсырыс берушінің мүддесіне сәйкес келмесе; немесе бір және одан да көп клиентке өкілдік ету Орындаушының Тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемелерін бұзады деген тәуекел болса, қатарлас мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін.

3.5. Орындаушының Қызметтерді көрсету барысында мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда Орындаушы Бірыңғай базада көзделген барлық деректерді аша отырып, оны бірыңғай базаға енгізуге келіседі.

3.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің Стандартқа сәйкес Орындаушы туралы тиісті мәлімет алу мақсатында мемлекеттік органдарға, Орындаушы мүше болып табылатын кәсіби бірлестіктерге жазбаша өтінішпен жүгінуіне және (немесе) Орындаушы өз міндеттемелерін, жалпыға ортақ нормаларды және мінез-құлық ережелері мен бизнес жүргізу этикасын, Стандарттың ережелері мен талаптарын бұзғаны туралы кәсіби бірлестікке хабарлайтынымен келіседі. Орындаушы бас тартқан жағдайда, оның бас тартуы заңды түрде негізделуге тиіс. Негізсіз бас тарту жағдайында мүдделер қақтығысы бар деген күмән болса, Тапсырыс беруші мұндай бас тартуды Орындаушының мүдделер қақтығысы бар екенін растауы деп есептеуге құқылы.

3.7. Орындаушы немесе оның заңды өкілі Орындаушының және Қызмет көрсетуге тартылған оның жұмыскерлерінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және пайдалануға келіседі.


3.8. Орындаушы Тапсырыс берушіні мүдделер қақтығысы мәселелеріне қатысты кез келген әлеуетті оқиғалар немесе фактілер туралы хабардар етуге міндетті.

3.9. Орындаушы мүдделер қақтығысы, оның туындау себептері және қабылданған шаралар туралы Тапсырыс берушінің басшылығын дереу хабардар етуге міндетті.

4. Шарттың құны және төлеу шарттары

4.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

4.1.1. Көрсетілген Қызметтердің жалпы құнына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген барлық салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер, сондай-ақ жолақыға, пәтерақыға байланысты шығыстарды және басқа да ілеспелі





шығыстарды қоса алғанда, Қызмет көрсетуге байланысты барлық шығыстар кіреді және ұлғайту жағына өзгертілуге жатпайды.

4.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

4.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

4.3.1. Төлем Орындаушының осы Шартта көрсетілген банктік деректемелеріне аударылады. Бұл ретте Көрсетілген Қызметтер актісіндегі сома осы Шарт бойынша жалпы сомандан аспауы тиіс.

4.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

4.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

4.4.2. Жұмыс тапсырмасын орындау бойынша есеп (есептер) (Шартқа 6 және/немесе 7-қосымша);

4.4.3. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактура;

4.4.4. Төлем шоттары (Шартқа 10-қосымша).

4.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

4.6. Орындаушының Шарттың 4.4. тармағында көрсетілген төлем құжаттарының пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемді кешіктіргені үшін Тапсырыс беруші жауапты болмайды.

5. Тараптардың құқықтары және міндеттері

5.1. Орындаушы міндеттенеді:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

5.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

5.1.2.1. Осы Шарттың шеңберінде көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлемі (саны) бойынша елішілік құндылықтың есебі осы Шарттың 3-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанында Көрсетілген Қызметтердің актісімен бірге ұсынылады (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады.

5.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

5.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

5.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

5.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

5.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушінің дереу ескертуге;

5.1.8. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

5.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз





етуге;

5.1.10. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

5.1.11. Тендерлік өтінімнің құрамында және Шарттың 8-қосымшасына сәйкес мәлімделген мамандарды ауыстыру қажет болған кезде, осындай үміткерлерді Тапсырыс берушімен жазбаша келісу шартымен, Орындаушы тендерлік өтінімнің құрамында ұсынған Техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес Орындаушы осындай маманға қойылатын ұқсас немесе одан жоғары кәсіби біліктілік бойынша мамандарды тартады;

5.1.12. Қызметтерді Жұмыс тапсырмасында белгіленген мерзімде орындауға кедергі жасайтын жағдайлар туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге дереу кідірту фактісі, оның болжамды жалғасу уақыты және себебі(себептері) туралы жазбаша хабарлама жіберуге;

5.1.13. Қызметтерді осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті түрде, сапалы және мерзімінде көрсетуге;

5.1.14. Жұмыс тапсырмасының жобасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жұмыс тапсырмасын келісуге, қол қоюға және екінші данасын Тапсырыс берушіге қайтаруға;

5.1.15. Тапсырыс берушіде Орындаушы көрсететін Қызметтердің сапасына қатысты осы Шарттың 5.4.8. тармағына сәйкес ескертулер болған кезде күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ескертулер мен кемшіліктерді жоюға;

5.1.16. Жазбаша жұмыс нәтижесін талап ететін Жұмыс тапсырмасын орындау үшін Тапсырыс берушіге Жұмыс тапсырмасын орындау бойынша жұмыстың жазбаша нәтижесін ұсынуға;

5.1.17. Қызметтерді көрсетуді Жұмыс тапсырмасына сәйкес онда көрсетілген мерзімде аяқтауға;

5.1.18. Мүдделер қақтығысының белгілері анықталған жағдайда, мүдделер қақтығысы мәселелеріне қатысы бар кез келген оқиғалар және (немесе) фактілер туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша хабардар етуге және онымен одан әрі Қызмет көрсету мүмкіндігі мәселесін келісу үшін іс-қимыл жасауға;

5.1.19. Көрсетілген Қызметтерді Тапсырыс берушіге Шарттың 6-бөлімінде көзделген тәртіппен және осы Шартта және жұмыс тапсырмаларында көзделген мерзімде тапсыруға;

5.1.20. Жұмыс тапсырмаларына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген жағдайда оларды қабылдауға және Тараптармен келісілген мерзімде орындауға;

5.1.21. Қажет кезде Тапсырыс берушіге Қызметтерді көрсету барысында туындайтын кез келген мәселелер бойынша (жазбаша және ауызша) консультациялар беруге;

5.1.22. Қызметтерді көрсету барысында Тапсырыс беруші мен үшінші тұлғалардан алынатын құжаттар мен акпараттың осы Шарттың талаптарына сәйкес сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге;

5.1.23. Тапсырыс берушінің шешімі бойынша мамандарды Қызметтерді көрсету үшін іссапарларға жіберуге, оның ішінде Қызметтерді көрсетуге, Тапсырыс берушінің басқа да консультанттарымен өзара іс-қимыл жасауға байланысты мәселелер бойынша келіссөздерге, кездесулерге қатысу үшін жіберуге;

5.1.24. Қызметтерді көрсету барысында Республика мен Өкілетті органның мүдделеріне залал келтіретін жағдайлардың туындауын және Мердігер мен Келісімшарт компанияларының қызметкерлерімен Орындаушының жұмыс нәтижесінің тәуелсіздігі мен адалдығына әсер етуі мүмкін өзара қарым-қатынастарды (оның ішінде Орындаушы тарапының материалдық баюына әкеп соғатын тығыз қарым-қатынасты) болдырмауға;

5.1.25. Егер осы Шартта өзгесі көзделмесе, Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін бірден Тапсырыс беруші Орындаушыға берген құжаттардың, материалдардың түпнұсқаларын Тапсырыс берушіге қайтаруға;





5.1.26. Қағаз тасығыштағы Көрсетілген қызметтердің актісіне қол қою күні электрондық сатып алу жүйесінде жүйелік құжаттың шығыс нысанына электрондық көрсетілген қызметтер актісі түрінде қол қоюға міндеттенеді.

5.2. Орындаушының:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

5.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

5.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

5.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

5.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

5.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

5.2.7. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

5.2.8. Тапсырыс берушіден Қызметтерді көрсету үшін қажетті түсіндірмелер мен мәліметтерді сұратуға.

5.3. Тапсырыс берушінің:

5.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

5.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

5.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

5.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

5.3.6. Қажеттілігіне қарай Орындаушыға Қызметтерді көрсету үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды шұғыл беруге міндеттенеді.

5.4. Тапсырыс беруші құқылы:

5.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

5.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

5.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

5.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

5.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

5.4.6. Орындаушыдан осы Шарттың 5.1.12-тармағына сәйкес жіберілген хабарламаны алған жағдайда, жағдайды бағалап, өз қалауы





бойынша Орындаушының Қызметтерді көрсету мерзімін ұзартуға. Осындай ұзартуды Тараптар жұмыс тапсырмаларына өзгертулер енгізу жолымен ресімдеуі тиіс. Бұл ретте осындай мерзім 2025 жылғы 31 (отыз бірінші) желтоқсаннан артық ұзартылмауы тиіс;

5.4.7. Қажеттілігіне қарай Орындаушыны Қызметтерді көрсету үшін келіссөздерге, кездесулерге қатысуға тартуға;

5.4.8. Орындаушы ұсынатын Қызметтердің сапасын үнемі тексеріп отыруға және Қызметтердің сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда кемшіліктерді жою мақсатында 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде немесе электрондық пошта арқылы хабардар етуге;

5.4.9. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген дереккөздерден, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарынан Орындаушы туралы ақпаратты қадағалап, жинауға құқылы..

6. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге 1-жұмыс тапсырмасында көрсетілген Қызметтерді көрсету күнінен кешіктірмей Шарттың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалып қол қойылған СК ӨБК бойынша 2023 Мердігерлік Жыл үшін МОШ ревизиясы жөніндегі жұмыс тапсырмасын орындау нәтижесі туралы есепті ұсынады. Оған СК ӨБК бойынша 2023 Мердігерлік Жыл үшін МОШ ревизиясының нәтижесі жөніндегі егжей-тегжейлі есеп қоса беріледі. Анықталған табындылар бойынша негіздемелердің нақты сипаттамасын, сондай-ақ басқа да қажетті ақпаратты (оның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша), құжаттардың деректемелеріне сілтемелерді және Мердігердің шығыстарын растайтын бастапқы бухгалтерлік құжаттардың мазмұнының қысқаша сипаттамасын қамтитын барлық кестелер де қоса беріледі. Сонымен қатар Мердігер анықталған табындыларға жататын бастапқы және өзге де тиісті құжаттаманың (егер қолданылатын болса) көшірмелерін (электрондық тасығышта) ұсынады.

6.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге 2-жұмыс тапсырмасында көрсетілген Қызметтерді көрсету күнінен кешіктірмей, Шарттың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалып қол қойылған СК ӨБК бойынша жүргізілген МОШ ревизияларының нәтижелері бойынша даулы мәселелерді сүйемелдеу жөніндегі жұмыс тапсырмасын орындау нәтижесі туралы есепті ұсынады. Оған СК ӨБК бойынша жүргізілген МОШ ревизияларының нәтижесі бойынша даулы мәселелерді сүйемелдеу жөніндегі егжей-тегжейлі есеп қоса беріледі. Оған құжаттардың деректемелеріне сілтемелерді және Мердігердің шығыстарын растайтын бастапқы бухгалтерлік құжаттардың мазмұнының қысқаша сипаттамасын қамтитын, реттеуге ұсынылатын немесе алдыңғы шығарып тастаулардың нәтижесі ретінде өзгеріссіз қалатын сомалар көрсетілген барлық кестелер қоса беріледі. Сонымен қатар Орындаушы реттеуге ұсынылатын анықталған табындыларға қатысты бастапқы және өзге де тиісті құжаттаманың көшірмелерін (электрондық тасығышта) (егер қолданылатын болса) ұсынады.

6.3. Жұмыс тапсырмаларын орындау нәтижелері жөніндегі есептермен бірге Орындаушы Шартқа 9-қосымшада белгіленген нысан бойынша жасалып, өз Тарапынан қол қойылған Көрсетілген Қызметтер актісін ұсынады.

6.4. Көрсетілген қызметтердің мерзімі, көлемі мен сапасы бойынша, оның ішінде Егжей-тегжейлі есептердің, жазбаша қорытындылардың, Жұмыс тапсырмаларын орындау нәтижесі бойынша есептердің мазмұны бойынша ескертулер болмаған кезде Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің сенімхаттары негізінде әрекет ететін Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері арқылы Көрсетілген қызметтер актісіне қол қою жолымен Орындаушы көрсеткен Қызметтерді қабылдайды.

6.5. Тапсырыс берушіде Егжей-тегжейлі есепті, жазбаша қорытындыларды қоса алғанда, Жұмыс тапсырмаларын орындау нәтижелері туралы есептер бойынша ескертулер болған жағдайда, Орындаушы күнтізбелік 10 (он) күш ішінде болған ескертулерді жойып, жоғарыда аталған құжаттарды Тапсырыс берушіге қайта қарауға ұсынады.

6.6. Тапсырыс беруші тиісті Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күн Орындаушы Жұмыс тапсырмасын орындаған күні болып есептеледі.

6.7. Тапсырыс беруші Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін Орындаушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ресімделген Шот-фактураны және Шарттың 10-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Төлем шотын ұсынады.

7. Форс - мажор

7.1. Егер осындай орындамау Тараптар төтеп бере алмайтын еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор мән-жайлары) салдары болып табылса, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды. Оларға стихиялық зілзала, табиғи және техногендік сипаттағы апаттар, өрт, соғыс, эпидемиялар және Тараптардың еркіне байланысты емес басқа да мән-жайлар жатады. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі жоғарыда көрсетілген еңсерілмейтін күш мән-жайлары орын алған уақытқа тең ұзартылады.

7.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап осындай мән-жайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылатын болса, осындай құжаттарды беруге уәкілетті ұйымдар/мемлекеттік органдар растаған тиісті құжаттарды қоса беріп, олар жөнінде басқа Тарапты хабардар етсе, жауапкершіліктен босатылады.

7.3. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарын болдырмау немесе азайту және дереу жою үшін қажетті күш-жігерді қолдануға міндетті.





8. Құпиялылық

8.1. Шарт бойынша құпия ақпарат болып мыналар танылады: Тапсырыс беруші Шартты іске асыру шеңберінде Орындаушыға беретін кез келген түрдегі немесе нысандағы кез келген ақпарат, сондай-ақ СК ӨБК, 2012 жылғы 23 мамырдағы реттеу туралы Келісімнің (бұдан әрі – 2012ж. 23.05. РтК), 2014 жылғы 13 желтоқсандағы реттеу туралы Келісімнің (бұдан әрі - 2014 ж. 13.12. РтК), 2015 жылғы 30 желтоқсандағы орындау және өзгерістер енгізу туралы Келісімнің (бұдан әрі - ОӨЕК) мазмұнына қатысы бар кез келген ақпарат, сондай-ақ жалпы Солтүстік Каспий жобасына қатысы бар кез келген ақпарат, оның ішінде: бухгалтерлік және қаржылық құжаттар, сызбалар, кез келген форматтағы есептер, шарттар және өзге де құжаттама;

8.2. Орындаушы Құпия ақпараттың құпия сақталатынына және, осы Шарттың 8.3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз кімге болмасын, фотокошірме, репродукция немесе электрондық тәсілдерін қоса алғанда, кез келген тәсілмен, басқаларымен қатар визуалды және/немесе электронды форматтағы құпия ақпаратты қоса алғанда, кез келген нысанда сатылмайтынына, айырбасталмайтынына, берілмейтініне, жарияланбайтынына немесе өзге түрде ашылмайтынына келіседі;

8.3. Құпия ақпаратқа қол жеткізу:

8.3.1. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай ақпаратты ашуды талап ету құқығы берілген уәкілетті мемлекеттік органның заңды талабының негізінде ашылуы тиіс екенін дәлелдесе, Құпия ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз аша алады. Бұл жағдайда Орындаушы осындай ақпаратты ашуға дейін (i) осындай талаптың болуы, оның шарттары мен мән-жайлары жөнінде Тапсырыс берушіні дереу хабардар етуге міндетті; (ii) құпия ақпараттың ашылуына жол бермеу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға міндетті; (iii) құпия ақпараттың ашылуына жол бермеу немесе ашылуын шектеу үшін қажетті шараларды қабылдауда Тапсырыс берушіге жәрдем беру үшін барлық ақылға қонымды күш-жігерді пайдалануға, сондай-ақ ашылатын Құпия ақпаратқа құпиялылық режимін қолдану үшін қажет шараларды қабылдауға міндетті.

8.3.2. Орындаушы өзімен еңбек қатынастарында тұратын және Қызметтерді көрсету бойынша өз міндеттерін орындау үшін Құпия ақпаратқа қол жеткізуі талап етілетін жұмыскерлері мен лауазымды адамдарына Құпия ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз аша алады. Бұл ретте Орындаушы осы тармақта көрсетілген тұлғалардың Құпия ақпаратты ашқаны және осы тұлғалардың Құпия ақпаратты ашпау жөніндегі міндеттемелерге Орындаушының өзі қол қойған көлемде қол қоюы үшін жауапты болады.

8.4. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды;

8.5. Орындаушы осы Шартқа сәйкес Құпия ақпарат ашылған тұлғалардың әрқайсысының аталған ақпаратты құпия сақтауы және үшінші тұлғаларға ашпауы немесе бермеуі үшін жауапты болады.

8.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Құпия ақпаратты осы Шартты іске асыру мақсатынан басқа жағдайларда пайдаланбауға тиіс.

8.7. Орындаушы Құпия ақпаратқа қатысты Орындаушы СК ӨБК қолданысы тоқтатылған немесе лицензияның (1997 жылғы 18 қарашадағы ГКИ сериялы №1016 (мұнай)) қолданысы тоқтатылған күннен бастап 5 (бес) жыл өткенге дейін, қайсысы кейін басталғанына қарай, құпиялылық режимін талаптарын адал қатаң сақтауға, сондай-ақ осы Шарт тоқтатылған немесе бұзылған жағдайда Тапсырыс берушіден алынған ақпаратты қайтаруды және/немесе жоюды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

8.8. Қажет кезде Тапсырыс беруші өз бетімен немесе осындай құқықты Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банкке беріп, осы Шарт бойынша Тараптардың арасындағы төлемдерге қатысты барлық қажетті ақпаратты талап етілетін байланыс хаттамаларын пайдалана отырып «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық-талдамалық жүйесіне деректер берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ немесе ол өкілеттік берген ұйымға ұсынуға құқылы.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Орындаушының жауапкершілігі:

9.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.





9.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

9.2.3. Орындаушы Шартта айтылған Қызметтерді көрсету мерзімін негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл өндіріп алуға құқылы.

9.2.4. Орындаушы Мүдделер қақтығысының болмауы туралы мәліметтерге қатысты қасақана немесе байқаусыз жалған ақпарат ұсынған жағдайда Шарттың жалпы құнының 10% мөлшерінде жауапты болады;

9.2.5. Орындаушы мүдделер қақтығысының болуы нәтижесінде келтірілген залал (нақты зиян және жіберіп алған пайда) үшін Тапсырыс берушінің алдында толық материалды жауапты болады;

9.2.6. Орындаушы Мүдделер қақтығысының болмауы туралы мәліметтерге (Шартқа 11-қосымша) қатысты жалған ақпарат ұсынғаны, Орындаушының мүдделер қақтығысының болмауы туралы кепілдіктері мен растауларын бұзғаны үшін Шарттың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

9.3. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерін сапасыз орындаған жағдайда Орындаушы осыған байланысты туындаған залалды, бірақ Шарттың жалпы сомасынан аспайтын мөлшерде өтейді.

9.4. Егер Орындаушы Шарттың 5.1.10. - тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Шарт өз қолданысын тоқтатады және Тапсырыс беруші өнім берушіні таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

9.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.5.1. Шарт бойынша төлем негізсіз кешіктірілген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан асырмай өсімпұл өндіріп алуға құқылы.

9.5.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасынан 10%-нан асырмай өсімпұл өндіріп алуға құқылы.

9.6. Осы Шартта реттелмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар бір бірінің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

9.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

10.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:


10.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

10.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

10.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

10.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

10.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған





жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

10.3.4. Тапсырыс беруші осы шартты орындау процесінде Орындаушының мүдделер қақтығысының болмауы туралы анық емес Ақпарат және/немесе жалған мәліметтер ұсынуы анықталған жағдайларда жүзеге асырылады.

10.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

10.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

10.6. Егер: а) Орындаушы Қызметтерді Шарт пен Жұмыс тапсырмаларында көзделген толық көлемде, сапа мен мерзімде көрсете алмаса; ә) Орындаушы осы Шарттың 5.1.4. және 5.1.11-тармақтарында көрсетілген шарттарды бұзса; б) Орындаушы осы Шартта көзделген ақпарат құпиялылығын сақтау шарттарын бұзса, Тапсырыс беруші Шарттың талаптарын бұзғаны үшін басқа қандай да бір санкцияларға залал келтірмей, Тапсырыс берушіні қаржылық міндеттемелерден босата отырып, Орындаушыға міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты бұзуға құқылы.

10.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұзуға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Орындаушыны алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

10.8. Орындаушы Мүдделер қақтығысының болмауы туралы мәліметтерге қатысты жалған ақпарат ұсынған жағдайда Тапсырыс беруші кез келген уақытта Шартты орындаудан бас тартуға және залалды өтеуді талап етуге құқылы.

10.9. Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Мүдделер қақтығысын болдырмау жөніндегі стандарт пен Шартта көзделген ережелерді ескере отырып, Тапсырыс берушіге айыппұл санкцияларын қолданбай және/немесе Тапсырыс берушіні Шарты мерзімінен бұрын бұзу салдарынан туындайтын кез келген жауапкершіліктен немесе зияннан босатып және/немесе қорғай отырып, Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

10.10. Сатып алуда Қордың сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органының бұзушылықтары анықталған жағдайда Орындаушының жасалған шартты біржақты тәртіпте бұзуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың екіжақты келісімі бойынша, ҚР заңнамасына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күнінде нақты жұмсалған шығыстарды төлей отырып бұзылуы мүмкін.

10.11. Осы Шарттың 10.3.3. тармағында көзделген оқиғалар басталған кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға тиісті жазбаша хабарламаны жіберуге тиіс. Хабарламада осы Шартты бұзу себебі, бұзылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ осы Шартты бұзу туралы хабарламаның күшіне ену күні (бірақ хабарламаны жіберу күнінен бастап күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен бұрын емес) ескерілуі тиіс. Осы Шарт осындай мән-жайларға байланысты бұзылған жағдайда, Орындаушы нақты жұмсаған шығыстар үшін төлемді талап еткен кезде Орындаушы жұмсалған шығындарды құжаттамалық растауды ұсынуға тиіс.

10.12. Егер Орындаушы банкрот немесе төлем жасауға қабілетсіз болып танылса, Тапсырыс беруші Орындаушыға тиісті жазбаша хабарламаны жіберіп, Шартты кез келген уақытта бұза алады. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Орындаушыға қатысты кез келген қаржылық міндеттемелерден босатылады. Орындаушы жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартта белгіленген тәртіпте Шартты бұзу күніндегі жағдай бойынша нақты көрсетілген Қызметтер үшін толық төлем жасауға тиіс.


11. Хат-хабар

11.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісімдесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

11.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

11.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

11.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.





11.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

12. Шарттың мерзімі

